

# Талапкер, ОҚМУ-ды таңдаңыз! Бұл - сіздің өміріңіздегі дұрыс қадам!

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 80 жылға жуық тарихы бар, Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі көп салалы ғылыми-зерттеу, білім беру және инновациялық орталығы болып табылады.**

Университет ғылым, білім және бизнестің тығыз интеграциясына негізделген, лттық ғылыми-зерттеу және инновациялық ЖОО ретінде қалыптасқан, соымен қатар, интеграцияға негізделген халықаралық білім кеңістігінде оқу, ылыми және тәрбиелік қызметін жүзеге асыратын инновациялық оқу орны боып табылады.

Университетте 5 Жоғары мектеп, 7 факультет, 2 институт (қашықтықтан ілім беру институты, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты), ку-ақпараттық орталық, 10 ғылыми-зерттеу институты, 7 ғылыми орталық, 3 ылыми зертхана, шетел студенттерімен жұмыс жүргізу орталығы, әскери каедра жұмыс жасайды.

Университетте 28 мыңға жуық білімгер біліммен сусындауда: 26721 бакалавиат, оның ішінде 16287 күндізгі, 9823 сырттай, 611 студент кешкі бөлімде білим туда. Бакалаврдың мемлекеттік гранты негізінде білім алушылар саны - 7221 гудент. 834 магистранттың 671-і мемлекеттік негізде, 126 докторанттың 106ы мемлекеттік білім гранты арқылы білімдерін арттыруда.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде 853 студент білім алуда, соның шінде 618-ге жуығы мемлекеттік грант негізінде оқиды. Дайындық курсындағы 48 тыңдаушының 137-сі - мемлекеттік білім алушылар.

ОҚМУ бакалавриат бойынша - 136, магистратура - 143, PhD докторантура ) білім бағдарламасы (мамандық) бойынша жоғары және жоғары оқу орныан кейінгі білім алуға мүмкіндік береді. Барлық бағдарламалар халықаралық әне ұлттық аккредитациядан өткен. Оқу процесін ұйымдастыру үшін ниверситеттің қарамағында 16 оқу ғимараты (оның ішінде 3 спорт кешені, басейн), 6 студенттік жатақхана, қала сыртында оқу-жаттығу орталығы және оқуаттығу алаңы бар.

Университет 14 халықаралық ұйымның және қауымдастықтың, соның ішінде Еуропалық университеттер ассоциациясының (EURASHE), Еуропалық жоғары оқу қонақжайлылық мекемелері ассоциациясының (EURHODIP), университеттердің Еуразиялық Ассоциациясын және т.б., сонымен қатар ТМД Желілік университетінің Үйлестіру Кеңесінің мүшесі, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы университетінің базалық университеті болып табылады. ОҚМУ әлемнің 23 еліндегі 170+ серіктес университеттермен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтасады, Түркия, Польша, Испания, ТМД және Еуропаның университеттерімен, соның ішінде Эразмус+(Еуропа), Мевлана (Түркия), DAAD (Германия) бағдарламасы бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасын белсенді жүзеге асырады.

Университеттің ерекшелігі - оның көпсалалығы және білім алатын студенттер, магистранттар мен докторанттардың ыңғайлы заманауи инфрақұрылымға ие болуы.

Жалпы, ОҚМУ техникалық, жаратылыстану, гуманитарлық, экономикалық ғылымдар және экология саласындағы болашақ мамандардың Қазақстанда және шетелдерде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдайлар жасайды.

Құрметті талапкерлер! Сіздер М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін таңдау арқылы өмірлеріңіздегі дұрыс таңдау жасайтыныңызға кәміл сеніңіздер!

**Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА,**
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,**
**ҚР ҰҒА академигі**

# Талапкер, ОҚМУ-ды таңдаңыз! Бұл - сіздің өміріңіздегі дұрыс қадам!

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 80 жылға жуық тарихы бар, Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі көп салалы ғылыми-зерттеу, білім беру және инновациялық орталығы болып табылады.**

Университет ғылым, білім және бизнестің тығыз интеграциясына негізделген, ұлттық ғылыми-зерттеу және инновациялық ЖОО ретінде қалыптасқан, сонымен қатар, интеграцияға негізделген халықаралық білім кеңістігінде оқу, ғылыми және тәрбиелік қызметін жүзеге асыратын инновациялық оқу орны болып табылады.

Университетте 5 Жоғары мектеп, 7 факультет, 2 институт (қашықтықтан білім беру институты, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты), оқу-ақпараттық орталық, 10 ғылыми-зерттеу институты, 7 ғылыми орталық, 3 ғылыми зертхана, шетел студенттерімен жұмыс жүргізу орталығы, әскери кафедра жұмыс жасайды.

Университетте 28 мыңға жуық білімгер біліммен сусындауда: 26721 бакалавриат, оның ішінде 16287 күндізгі, 9823 сырттай, 611 студент кешкі бөлімде білім алуда. Бакалаврдың мемлекеттік гранты негізінде білім алушылар саны - 7221 студент. 834 магистранттың 671-і мемлекеттік негізде, 126 докторанттың 106-сы мемлекеттік білім гранты арқылы білімдерін арттыруда.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде 853 студент білім алуда, соның ішінде 618-ге жуығы мемлекеттік грант негізінде оқиды. Дайындық курсындағы 148 тыңдаушының 137-сі - мемлекеттік білім алушылар.

ОҚМУ бакалавриат бойынша - 136, магистратура - 143, PhD докторантура 20 білім бағдарламасы (мамандық) бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға мүмкіндік береді. Барлық бағдарламалар халықаралық және ұлттық аккредитациядан өткен. Оқу процесін ұйымдастыру үшін университеттің қарамағында 16 оқу ғимараты (оның ішінде 3 спорт кешені, бассейн), 6 студенттік жатақхана, қала сыртында оқу-жаттығу орталығы және оқу-жаттығу алаңы бар.

Университет 14 халықаралық ұйымның және қауымдастықтың, соның ішінде Еуропалық университеттер ассоциациясының (EURASHE), Еуропалық жоғары оқу қонақжайлылық мекемелері ассоциациясының (EURHODIP), университеттердің Еуразиялық Ассоциациясын және т.б., сонымен қатар ТМД Желілік университетінің Үйлестіру Кеңесінің мүшесі, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы университетінің базалық университеті болып табылады. ОҚМУ әлемнің 23 еліндегі 170+ серіктес университеттермен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтасады, Түркия, Польша, Испания, ТМД және Еуропаның университеттерімен, соның ішінде Эразмус+(Еуропа), Мевлана (Түркия), DAAD (Германия) бағдарламасы бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасын белсенді жүзеге асырады.

Университеттің ерекшелігі - оның көпсалалығы және білім алатын студенттер, магистранттар мен докторанттардың ыңғайлы заманауи инфрақұрылымға ие болуы.

Жалпы, ОҚМУ техникалық, жаратылыстану, гуманитарлық, экономикалық ғылымдар және экология саласындағы болашақ мамандардың Қазақстанда және шетелдерде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдайлар жасайды.

Құрметті талапкерлер! Сіздер М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін таңдау арқылы өмірлеріңіздегі дұрыс таңдау жасайтыныңызға кәміл сеніңіздер!

**Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА,**
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,**
**ҚР ҰҒА академигі**